

Индонезия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 ақпандағы N 100 Қаулысы

Индонезия Республикасында 2004 жылдың соңында болған цунамидің ауыр зардаптарының салдарынан жетім болып қалған индонезиялық балаларды қолдау үшін Индонезия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Индонезия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 35000 (отыз бес мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Индонезия Республикасында 2004 жылдың соңында болған цунамидің ауыр зардаптарының салдарынан жетім болып қалған индонезиялық балаларды қолдау үшін "Индонезия - Tabung Bencana Alam Tsunami Indonesia, ACC N 060.0020288.001, Dana Sosial Deplu" арнайы банктік шотына, алушы: "Dana Sosial Deplu" көрсетілген қаражатты заңнамада белгіленген тәртіппен аударуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі